

## "Шұбаркөл разрезі" ашық акционерлік қоғамын құру туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 6 қазан N 1528. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.07.12. N 1066 қаулысымен. ~P001066

"Мемлекеттік мұлікті жекешелендіру мен басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 маусымдағы N 683 Р990683\_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитетімен келісілген "Шұбаркөл разрезі" ашық акционерлік қоғамы мен "Шұбаркөл КТУ" ашық акционерлік қоғамын оларды "Шұбаркөл разрезі" ашық акционерлік қоғамына біріктіру жолымен қайта ұйымдастыру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және

сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп зандарда белгіленген тәртіппен акционерлік қоғамдарды қайта ұйымдастыру жөнінде қажетті іс-шаралар жүргізсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

міндептін атқарушы

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК